

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС
НОРМАЛАРЫ**

**Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

АЭРОДРОМДАР

АЭРОДРОМЫ

**ҚР ҚН 3.03-19-2013
СН РК 3.03-19-2013**

**Ресми басылым
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер
ресурстарын басқару комитеті**

**Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального
хозяйства и управления земельными ресурсами
Министерства национальной экономики Республики Казахстан**

Астана 2015

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 **ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «АerAnT» ЖШС
- 2 **ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 **БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 **ПОДГОТОВЛЕН:** АО «КазНИИСА», ТОО «АerAnT»
- 2 **ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3 **УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 № 156-НҚ с 1 июля 2015 года

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатысыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	IV
1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ	1
2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	1
3. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР	2
4. МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТАЛАПТАР	4
4.1 Нормативтік талаптардың мақсаты	4
4.2 Функционалдық талаптар	4
5. ЖҰМЫС СИПАТТАМАЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	4
5.1. Жалпы талаптар	4
5.2. Ұшу алаңының топырақтық элементтеріне қойылатын талаптар	7
5.3. Топырақ негіздеріне қойылатын талаптар	8
6. АЭРОДРОМ ТӨСЕМДЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	10
6.1. Жалпы нұсқаулар	10
6.2. Жасанды негіздер	11
6.3. Қатты төсемдер	12
6.4. Қатты емес төсемдер	13
6.5. Қолданыстағы төсемдерді нығайту	13
6.6. Деформациялық жіктер	14
6.7. Төсем төзімділігін есептеудің негізгі принциптері	16
7. СУ БҰРУ ЖӘНЕ ҚҰРҒАТУ ЖҮЙЕЛЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	
8. АРНАЙЫ ҚҰРЫЛЫМДАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	16
9. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	18
	19

КІРІСПЕ

Осы құрылыс нормалары Қазақстан Республикасының «Техникалық реттеу туралы» Заңының негізінде, Қазақстан Республикасының «Ғимараттар мен имараттардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінің ережелерінің, «Темір-бетондық, бетондық құрылымның қауіпсіздігіне қойылатын талаптар», «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын негізгі талаптар», Қазақстан Республикасының және алдыңғы қатардағы шет елдердің қолданылуындағы нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарының негізінде жасалған.

Осы құрылыс нормаларының мазмұны:

- нормативтік талаптардың мақсаттары;
- функционалдық талаптар;
- жұмыс сипаттамаларына қойылатын талаптар;

Осы құрылыс нормаларының талаптарының орындалуын қамтамасыз ететін тиімді шешімдер мен параметрлер ҚР ЕЖ 3.03-119-2013 «Аэродромдарында» көрсетілген.

Нақты нысанның құрылыс нормаларынан ауытқу, негізінен, дәлелді жағдайлар болған кезде, осы шегіністерді өтейтін іс-шаралардың негізінде Қазақстан Республикасының авиация саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісіледі.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

АЭРОДРОМДАР

АЭРОДРОМЫ

Енгізу күні **2015-07-01**

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Осы құрылыс нормалары жаңадан салынып жатқан, кеңейтілген және қайта құрылып жатқан аэродромдар (тікұшақ айлақтары) үшін жобалаудың негізгі қағидаттарын белгілейді.

1.2 Аэродромдарды (тікұшақ айлақтарын) жобалауға, салуға, қайта құруға қойылатын қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі бірыңғай кешенді талаптар осы құрылыс нормаларының мәні болып табылады.

1.3 Осы нормалардың талаптары қысқа ұшып көтерілу және қону әуе кемелеріне арналған аэродромдарды, кемелерде, бұрғы платформаларда, ғимараттарда және арнайы құрылыстарда тікұшақтарға арналған қону алаңшаларын жобалауға таралмайды.

1.4 Жобалаған кезде қолданылатын құрылыс құрылымдары мен материалдарға арналған нормалардың және стандарттардың талаптары есепке алынуы тиіс.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы құрылыс нормаларын қолдану үшін келесі сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

Қазақстан Республикасының 2004 жылдың 9 қарашасындағы № 603-ІІ «Техникалық реттеу туралы» Заңы;

Қазақстан Республикасының 2010 жылдың 15 шілдесіндегі № 339-ІV «Әуе кеңістігін қолдану және авиация қызметі туралы» Заңы;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылдың 17 қарашасындағы № 1202 қаулысымен бекітілген «Ғимараттар мен имараттардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылдың 16 қарашасындағы № 14 қаулысымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын негізгі талаптар» техникалық регламенті;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылдың 22 желтоқсанындағы № 1198 қаулысымен бекітілген «Темір-бетон, бетон конструкцияларының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті;

ҚР ҚНЖЕ 1.02-18-2004 Құрылысқа қажетті инженерлік ізденістер. Негізгі ережелер.

ҚНЖЕ 2.03.01-84* Бетонды және темірбетонды конструкциялар.

ҚР ҚНЖЕ 2.04.01-2010 Құрылыс климатологиясы.

ҚР ҚНЖЕ 2.04.10-2004 Оқшаулаушы және әрлеуші жабындар.

ҚР ҚН 3.03-19-2013

ҚНжЕ 2.05.07-91* Өнеркәсіп көлігі.

ҚР ҚНжЕ 3.03-03-2001 Аэродромдар.

ҚР ҚНжЕ 3.03.10-2006 Автомобиль жолдары.

ҚНжЕ 3.05.04-85* Сумен жабдықтау мен кәріздің сыртқы желілері және құрылыстары.

ҚР ҚН 4.01-03-2011 Су бұру. Сыртқы тораптар және имараттар.

Халықаралық стандарттар мен Ұсынылатын тәжірибе. Қосымша 14 ХААҰ Аэродромдар (1 том Аэродромдарды жоспарлау және пайдалану, 2 том Тікұшақ айлақтары).

ЕСКЕРТПЕ Бұл құрылыс нормаларын қолдану барысында, жыл сайын ағымдағы жылдағы жағдай бойынша жасалатын сілтемелік құжаттардың қолданысын «Қазақстан Республикасы аймағындағы сәулет, қала құрылысы мен құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық және нормативті-техникалық актілердің тізімі», «Қазақстан Республикасының стандарттау туралы нормативтік құжаттарының көрсеткіштері», «Мемлекетаралық нормативтік құжаттардың көрсеткіші» ақпараттық құжаттар бойынша тексеру жөн. Егер сілтемелік құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, осы нормативтерді қолданған кезде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу қажет. Егер сілтемелік құжат ауыстырусыз алынып тасталса, оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлігінде қолданылады.

3. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы құрылыс нормасында келесі терминдер мен анықтамалар қолданылған.

3.1 Аэродром: жер немесе су бетінің толықтай немесе ішінара әуе кемелерінің келуіне, жөнелтілуіне және осы жер бетімен қозғалуына арналған белгілі бір учаскесі (ғимараттарды, құрылыстарды және жабдықты қоса алғанда).

3.2 Аэродром төсемдері: Әуе кемелерінің, пайдалану және табиғи факторлардың жүктемесі мен әсерін қабылдайтын құрылым, оның ішінде:

- аэродромдық төсемнің үстіңгі қабаты («төсем» деп аталатын, әуе кемелерінің дөңгелектерінен түсетін жүктемелерді тікелей қабылдайтын, табиғи факторлардың әсерін (айнымалы температура-ылғалдықты режимнің, көп қайталанатын мұздану мен ерудің, күн радиациясы әсерінің, жел эрозиясының), авиациялық қозғалтқыштарының газ-ауалы ағындарының және аэродромды пайдалануға арналатын механизмдердің жылу және механикалық әсерлерін, сондай-ақ көктайғаққа қарсы қолданылатын химиялық құралдардың әсерін қабылдайды;

- аэродромдық төсемнің (жасанды негіз деп аталатын), өздерінің көтергіштік функциясынан басқа сондай-ақ құрғатушы, қорысқа қарсы, термооқшаулағыш, ісінуге қарсы, гидрооқшаулағыш және басқа функцияларды төсеммен бірлесіп жүктеменің топырақтық негізге берілуін қамтамасыз ететін төменгі қабаты;

3.3 Аэродром құрылыстары: Ұшу алаңының топырақты элементтерін, топырақ негізін, аэродромдық төсемді, су бұру және құрғату жүйелерін, сондай-ақ арнайы алаңшалар мен құрылымдарды қамтитын құрылыстар.

3.4 **Бүйірлік қауіпсіздік жолағы (БҚЖ):** жасанды төсемнің шетіне жанасатын және жасанды төсемнен оған жанасатын бетке өтуді қамтамасыз ететіндей болып дайындалған учаске.

3.5 **Ұшу-қону жолағы (ҰҚЖ):** әуе кемесінің ұшар алдында екпін алуына және қонған кезде жүріп барып тоқтауына арналған аэродромның ұшу жолағының негізгі бөлігі. ҰҚЖ жасанды (ЖҰҚЖ) немесе топырақ (ТҰҚЖ) төсемі болуы мүмкін.

3.6 **Су бұру және құрғату жүйелері:** Топырақтың асқын сулану есептік мерзімінде жүктемені қабылдау кезінде топырақ негізінің және аэродром төсемінің қабаттарының қажетті орнықтылығын қамтамасыз ету, сондай-ақ ЖҰҚЖ жүрген кезде ұшақ доңғалақтарының сумен қалықтауын болдырмау мақсатында суды жер бетінен бұруға және жер асты сулары деңгейін төмендетуге арналған құрылыстар жүйесі.

3.7 **Топырақтық негіздер:** аэродромдық төсемнің конструкциясы арқылы таратылған, жүктемелер қабылдауға арналатын жаймаланған және тығыздалған жергілікті және әкелінген топырақтар.

3.8 **Соңғы қауіпсіздік аймағы (СҚА):** ҰҚЖ-ның шетіне жалғасып жатқан және ұшу-қону жолағының осьтік сызығынан басталып екі жаққа симметриялы орналасқан аймақ, ол ең алдымен ҰҚЖ жетпей төмендеген жағдайда немесе ҰҚЖ аймағының шегінен шығып кетіп қонғанда зақым келтірмеуге арналған.

3.9 **Соңғы тежеу жолағы (СТЖ):** үзілген ұшып-көтерілу жағдайында әуе кемесін тоқтатуға арналған орналасатын екпіндеу арақашықтығының соңында орналасқан арнайы дайындалған тік төртбұрышты учаске.

3.10 **Аэродромның ұшу алаңы:** Бір не бірнеше ұшу жолағы, меңгерік жолдары, перрондар және арнайы мақсаттағы алаңшалар орналасқан аэродром бөлігі.

3.11 **Ұшу жолағы (ҰЖ):** әуе кемесінің ұшуы мен қонуын қамтамасыз етуге арналған, әуе кемесінің зақымдану қаупін азайтатын және ұшу-қону жолағы шегінен асып кетпеуін, ұшып-көтерілуі және қонуы кезінде ҰҚЖ үстінен ұшып өтетін әуе кемелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ұшу-қону жолағы мен тежеудің соңғы жолағын қоса алғандағы аэродромның ұшу алаңының бір бөлігі.

3.12 **Әуе кемесінің тұрақ орны (ТО):** Әуе кемесіне қызмет көрсету және сақтау мақсатында орналастыруға арналған аэродром перронының немесе арнайы мақсаттағы алаңшасының бөлігі.

3.13 **Құрылыс кезінде қоршаған ортаны қорғау:** Қалыптасқан экожүйедегі сапалық және сандық арасалмақты сақтауға бағытталған құрылыс қызметінің ғылыми дәлелденген регламенті.

3.14 **Перрон:** жолаушылардың отыруы мен түсуіне, поштаны, жүктерді тиеу мен түсіруге басқа да қызмет түрлеріне арналған әуе кемесін орналастыратын арнайы дайындалған аэродромдағы ұшу алаңының бір бөлігі.

3.15 **Меңгерік жолы (МЖ):** Әуе кемелерін меңгеруге және тіркеп сүйреуге арнайы дайындалған аэродром ұшу алаңының бөлігі. МЖ торапты (ММЖ), байланыстырғыш, қосалқы болуы мүмкін.

3.16 **Қағидалар жинағы (ҚР ҚЖ):** Тәжірибе барысында ресми танылған және ақталған және оларды құрылыс нормаларының міндетті талаптарын сақтаумен жүзеге

ҚР ҚН 3.03-19-2013

асыруға мүмкіндік жасайтын ұсынылған ережелер, қағидалар мен параметрлер келтірілген нормативті техникалық құжат.

3.17 Арнайы құрылымдар: Жел, доңғалақ жүктемелерінің, әуе қозғалтқыштарының газ әуе ағынының және т.б. күштерін қабылдайтын құрылымдар (ағынға қарсы қалқандар, байлап-бекіту және жерге тұйықтау құрылғылары, тереңдетілген каналдар, құдықтар, жарықпен ескерту жабдықтары және т.б.) әуе кемелерін аэродромның түрлі учаскелерінде қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етуге арналған.

3.18 Құрылыс нормалары (ҚР ҚН) – Техникалық регламенттерге сәйкес құрылыс объектілеріне қауіпсіздік талаптарын орындауды қамтамасыз ететін міндетті талаптар мен нормалар келтірілген нормативті техникалық құжат.

4. МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТАЛАПТАР

4.1 Нормативтік талаптардың мақсаты

Нормативті құжаттың мақсаты төзімділігі, пайдалану сенімділігі және жарамдылығы, аэродромдар элементтерінің (имараттарының) үнемділігі мен ұзақ уақыттығы бойынша механикалық қауіпсіздігін ескерумен, өртке қарсы және санитариялық-гигиеналық талаптарды, шуылдан қорғау талаптарын сақтаумен, адамдардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға қауіп туғызатын қатерлерге жол бермей, аэродромдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

4.2 Функционалдық талаптар

Аэродромдарды техникалық, технологиялық және экологиялық параметрлер бойынша оларды салған және пайдаланған кезде келесі функционалды талаптар қамтамасыз етілгендей жобалау қажет:

а) Имараттардың пайдаланған кезде жобада көзделген механикалық және технологиялық әсерінің барлық түрлеріне ақаусыз және күйзеліссіз берік болатындай механикалық төзімділігі және тұрақтылығы;

б) әуе кемелері қозғалысының қауіпсіздігі және адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау;

в) аэродромдарды салу мен пайдаланудың қоршаған орта үшін қауіпсіздігі;

г) шуылдан қорғау және нақты жобамен белгіленген басқа талаптар.

5. ЖҰМЫС СИПАТТАМАЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

5.1. Жалпы талаптар

5.1.1. Осы құрылыс нормаларының талаптары Қазақстан Республикасының «Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация туралы», «Техникалық реттеу туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне ұшу қауіпсіздігінің және әуе кемелерінің үздіксіз қозғалысының қажетті деңгейін қамтамасыз ететін құнды архитектуралық ортаны жасау жөніндегі «Ғимараттар мен имараттардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық

регламентінің, сондай-ақ ҚР ҚНЖЕ 3.03-03-2001, ҚР ҚНЖЕ 2.05.08-85 нормативті құжаттардың талаптарына сәйкес жаңа аэродромдарды жобалауға және салуға және қолданыстағы аэродромдарды қайта құруға бағытталған.

5.1.2. Оларды пайдаланған кезде, адамдардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға қауіп туғызатын қатеріне жол бермей, құрылыс құрылымдарының және әуе кемелерінің істен шығу қауіпін барынша азайту үшін аэродромдар мен олардың имараттары механикалық төзімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі талаптарға сәйкес болуы тиіс.

5.1.3. Аэродромдарды (тікұшақ айлақтарын) жобалауды техникалық тапсырмада көзделген әуе кемелері типтерін пайдалануды қамтамасыз етуді және олардың аэродромды (тікұшақ айлағын) пайдалануға енгізгеннен кейін 10 жыл ішіндегі қозғалыс қарқынын ескерумен, сондай-ақ, аэродромның (тікұшақ станциясының) кейінгі 10 жылдағы одан әрі даму мүмкіндігін ескерумен жүзеге асыру қажет.

Мақсаты бойынша аэродромдар жауапкершілік деңгейі аса жоғары имараттарға жатады.

5.1.4. Аэродромдарға арналған жер учаскелері қала құрылысы нормасының талаптарына және қалалар мен елді мекендердің басты жоспарларына сәйкес, аэродромдардың жобаланатын класына байланысты белгіленеді.

5.1.5. Әуе кемелерінің пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету шартына сүйенгенде, аэродромның жіктемесі аэродромға қатысты ведомствоның нормаларына сәйкес белгіленеді.

5.1.6. Аэродром маңындағы аумақтың көлемін және оның шегіндегі табиғи және жасанды кедергілердің рұқсат етілетін биіктігін әуе кемелерінің ұшып көтерілу және қону қауіпсіздігін қамтамасыз ету шарттарына сүйене отыра, салалық нормативті құжаттарға сәйкес белгілеу қажет.

5.1.7. Ұшу алаңының басты жоспарын, тік жоспарлауын жобалауды аэродромға қатысты ведомствоның нормаларына сәйкес орындау қажет.

5.1.8. Жаңа аэродромдар мен тікұшақ айлақтарын салу, қолданыстағыны қайта құру немесе кеңейту жобаларының техникалық шешімдері (көлденең және тік жоспарлау элементтері, топырақтық негіздердің, аэродром төсемінің және «жасанды» негіздердің құрылымы) нұсқалардың техникалық-экономикалық көрсеткіштерін салыстыру нәтижесі негізінде қабылдануы тиіс. Сонымен бірге, жобалық шешімнің таңдалған нұсқасы мынаны қамтамасыз етуі тиіс:

- Көлденең және тік жоспарлау шешімдерінің, аэродром киімінің құрылымының, жер үсті және жер асты суларын бұрып ағызу жүйесінің, табиғатты қорғау және агротехникалық іс-шаралардың кешенділігі;

- Ұшып-қону операцияларын орындау қауіпсіздігі және жүйелілігі;

- Аэродромның топырақтық және жасанды негіздерінің, төсемінің және басқа құрылыстарының төзімділігі, тұрақтылығы және ұзақ уақыттылығы;

- Аэродромдық киімді орнатуға қолданылатын топырақтың төзімділік және деформациялық сипаттамасын және материалдардың физикалық-механикалық ерекшеліктерін толық пайдалану;

- Төсем бетінің тегістігі, тозуға төзімділігі, шаңсыздығы және кедір-бұдырлығы;

ҚР ҚН 3.03-19-2013

- Металды және тұтқыр материалдарды үнемді жұмсау;
- Жергілікті құрылыс материалдарды, өнеркәсіп өндірісінің қалдықтарын және қосалқы өнімін кеңінен пайдалану;

- Құрылыс және жөндеу жұмыстарын барынша индустрияландыру, механизациялау және жоғары технологиялық деңгейге жеткізу мүмкіндігі;

- Аэродромның және оның жекелеген элементтерінің оңтайлы пайдалану сапасы;

- Қоршаған ортаны қорғау;

Аэродромның жекелеген элементтерін салуға қажетті ең аз біржолғы күрделі жұмсалымдар мен келтірілген жиынтық шығындар және оларды бұдан әрі кезең-кезеңмен салу, күшейту және кеңейту мүмкіндігі.

5.1.9. Аэродромдар құрамында келесі негізгі элементтерді қарастыру қажет:

- Ұшу жолақтары (ҰЖ), соның ішінде жасанды төсемі бар (ЖҰҚЖ) ұшұ-қону жолақтары (ҰҚЖ) және/немесе топырақтық (ТҰҚЖ) жолақтары және соңғы тежеу жолақтары (СТЖ);

- Соңғы қауіпсіздік аймағы (СҚА);

- Кедергіден бос аймақтар (КБ);

- Меңгерік жолдары (МЖ);

- ЖҰҚЖ бүйірлік қауіпсіздік жолағы және/немесе МЖ (БҚЖ);

- Перрондар;

- Әуе кемелерінің тұрақ орны (ТО);

- арнайы мақсаттағы алаңшалар.

5.1.10. ҰЖ бағытын және орналасатын жерін таңдаған кезде метеорологиялық факторларды (жел режимін, тұманды, мұнарды, төменгі бұлтты және т.б.), әуеайлағы маңындағы аумақта кедергілер болуын және көршілес аэродромдарының ҰЖ орналасуын, аэродромы жанындағы елді мекендердің болашақ дамуын, жер бедерін, сондай-ақ, аэродромын қыста пайдалану ерекшелігін ескеру жөн.

ҰЖ элементтерінің қажетті параметрлері ведомстволық нормативті құжаттардың талаптарына сәйкес белгіленуі тиіс.

5.1.11. ҰҚЖ өткізу қабілеті әуе кемелері қозғалысының болжамды қарқындылығын қамтамасыз етуге тиіс. Тиісті негіздемелер болған жағдайда қосымша ҰҚЖ салу көзделеді. ҰҚЖ түрлі орналасу сызбалары үшін өткізу қабілеттілігінің мағынасын ведомстволық нормативті құжаттардың талаптарына сәйкес белгілеу қажет.

5.1.12. Меңгерік жолдардың (МЖ) параметрлерін және санын ЖҰҚЖ мен аэродромның басқа элементтері арасындағы олардың меңгерік жолдарының ұзындығы барынша аз болғандағы қозғалыс қарқындылығын ескерумен әуе кемелерінің маневрлеуін қамтамасыз етуіне қарай белгілеу қажет. МЖ орналасуы әуе кемелерінің және арнайы автокөлік құралдарының қарсы жүрісін, сондай-ақ әуе кемелерінің құрал-аспап бойынша қону жүйесі глиссаттық радиомаяктарының жұмыс аймағымен қиылысуды болдырмауға тиіс. Ұшу алаңы үшін МЖ қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін іс-шаралар мен қондырғыларды (жарық белгісі, сілтемелер, жол айырықтары және т.б.) қарастыру қажет.

5.1.13. Геометриялық параметрлер мен перронның конфигурациясы, ұшақтардың тұрақ орындары (ТО) және арнайы мақсаттағы алаңшалар мынаны қамтамасыз етуге тиіс:

- Әуе кемелерінің есептік санын орналастыру және оларды қауіпсіз маневрлеуі;

- Аэродромдық автокөлік құралдарының және перрондық механизацияның өтуі және орналасуы;

- Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге арналған жылжымалы және тұрақты жабдықты орналастыру;

- Жерге қосу қондырғыларын (статикалық электрді алып тастау үшін), әуе кемелерінің бекіткіштерін, ағын бұрушы қалқандарды сондай-ақ, басқа да қажетті қондырғыларды орнату;

- Төсемді қардан механизацияланған тазарту мүмкіндігі.

5.1.14. Халықаралық әуежайлардың аэродромдары осы нормадан басқа Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттары мен ұсыныстарын сақтауы тиіс.

5.2. Ұшу алаңының топырақтық элементтеріне қойылатын талаптар

5.2.1 Ұшу алаңының топырақтық элементтері қауіпсіздік, тегістік, беріктік, эрозияға төзімділік талаптарына сәйкес келуі тиіс. Жер беті бөтен заттардан тазартылуы тиіс және оның еріген қардан және жауын-шашыннан жинақталған судың ағуын қамтамасыз ететін еңісі болуы тиіс. Олар шым жамылғысымен және онысыз болуы мүмкін.

5.2.2 ҰА топырақтық элементтерінің бойлық және көлденең еңісінің рауалы мағыналары аэродромға қатысты ведомствоның нормаларына сәйкес қабылдануы тиіс.

5.2.3 ҰА жоспарланған бөлігінің топырақтық беті жасанды төсеммен жалғасып жататын орындарда (ҰҚЖ, БҚЖ, жол жиектерімен, меңгерік жолдармен және т.б.) бір деңгейде орналасуы тиіс.

5.2.4 ҰА топырақтық бөлігінде топырақтық науалар болмауы тиіс. Топырақтық науалар ерекше жағдайларда аймақтың гидрологиялық, гидрогеологиялық және инженерлік-геологиялық жағдайларын ескерумен техникалық-экономикалық негіздеме берілгенде жіберіледі.

5.2.5 ЖҰҚЖ бүйіржағына жанасатын ҰА бөлігі авиақозғалтқыштардың газ әуе ағынынан пайда болатын эрозияның алдын алу және жерге қонып келе жатқан әуе кемелерін ЖҰҚЖ бүйіржағына соққыдан қорғау мақсатында бекітілуі тиіс. Бұл учаскелер әуе кемелерінің ұшып көтерілген және қонған кезде кездейсоқ жылжып кеткендегі жүктемесін, сондай-ақ пайдалану техникасының жүктемесін көтеруі тиіс.

5.2.6 ҰА жоспарланған бөлігі, МЖ, ТО және перрондардың топырақтық жиегі жер үсті суларын жабынды төсем ауданынан бұрып ағызуды және жабынды төсемнен топыраққа біртіндеп көшуді қамтамасыз етуі тиіс, ол үшін ЖҰҚЖ және МЖ бүйірлік қауіпсіздік жолақтарын, бекітілген жол жиектерін орнату қажет.

ЖҰҚЖ және МЖ бүйірлік қауіпсіздік жолақтарын, бекітілген жол жиектері әуе кемесінің кездейсоқ жылжып кеткен кезде оған құрылымдық зақым келтірмей түсіретін жүктемесін, сондай-ақ олар үстімен жүре алатын жер үсті көлік құралдарының жүктемесін көтеруге тиіс.

5.2.7 Топырақтың әуе кемесінің жүктемесіне төзімділігін арттыру үшін және авиақозғалтқыштардың газ әуе ағындары туғызатын аэродинамикалық жүктеме әсерінен пайда болатын эрозияны азайту үшін шым жамылғысын орнату қажет.

ҚР ҚН 3.03-19-2013

5.2.8 Ұшу алаңының шым жамылғысыз топырақ учаскелерінде шаңдануға қарсы күрес шараларын қарастыру жөн. Шаңдануға қарсы күрес әдісін таңдаған кезде қоршаған ортаны қорғауға қойылатын талаптарды сақтаған жөн.

5.2.9 ҰА жоспарланған бөлігінің және МЖ, ТО және перрондардың топырақ жиектерінің топырағы, сондай-ақ ұшу алаңының үйілген топырағы тығыздалуы тиіс.

5.2.10 Ұшу алаңында шөгінді топырақ болған жағдайда, шөгүлік ҚР ҚНЖҚ 5.01-01-2002 бойынша аймақтың есеппен белгіленген белсенді тереңдігіне жойылуы тиіс.

5.2.11 Үймелер (шұңқырлар) еңісінің ең көп құламалығы үйменің биіктігіне және топырақ түріне байланысты олардың беріктігін қамтамасыз ету шартына сүйене тағайындалуы тиіс.

Үймелердің (шұңқырлардың) беріктігін есептеген кезде имараттардың аса жоғары жауаптылық деңгейіндегі 1,2 жауаптылығы бойынша сенімділік коэффициентін қабылдау қажет.

5.3. Топырақ негіздеріне қойылатын талаптар

5.3.1 Топырақтық негіздерді (жоспарланған және тығыздалған жергілікті немесе әкелінген, үйлестірілген жүктемені аэродром киімінің жоғары жатқан көп қабатты құрылымы арқылы қабылдайтын топырақты) аэродром киімінің ауа райына және жыл мезгіліне байланыссыз төзімділігін және беріктігін қамтамасыз ету шартына сүйене:

- топырақтың құрамын және сапасын;
- аумақтың жол-климаттық аймақтарға бөлінуін;
- гидрогеологиялық жағдайларға қарай жер типін;
- әуе кемесінің нормативті жүктемесінің немесе төсемге максималды күш әсерін тигізетін әуе кемесі жүктемесінің санаттарын;

- ұқсас инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық және климаттық жағдайларда орналасқан аэродромдарын салу және пайдалану тәжірибесін ескерумен жобалау қажет.

5.3.2 Топырақтық негіздерді жобалаған кезде табиғи және пайдаланушылық факторлардың зиянды әсерін болдырмау немесе азайту, аэродром киімінің астындағы топырақтың қолайсыз ерекшеліктерін жою жөніндегі шараларды қарастыру қажет:

- Жасанды негіздің арнайы қабатын және қабатшаларын (гидрооқшалауғыш, капиллярүзгіш, термооқшалауғыш, лайлануға қарсы, арматуралайтын және т.б.) орнату;

- Ылғалдықтың өзгеруіне сезгіш топырақтан жасалған алаңшалардағы судан қорғау шаралары (жер үсті суларын ағызуды қамтамасыз ететін аэродром аумағының тиісті көлденең және тік жоспарлауы; суағар-құрғату желісін орнату);

- Ықтимал тік деформацияны рауалы мағынаға дейін төмендету шартына сүйене отыра топырақ негіздерінің құрылыс сапасын белгіленген тереңдікке өзгерту (нығыздап тегістеумен, шөгінді топырақты алдын ала сулаумен, сапасы қанағаттанарлықсыз топырақты толығымен немесе ішінара ауыстырумен және т.б.);

- Топырақты бекіту (химиялық, электртермиялық және басқа тәсілдермен).

- Қолайсыз ерекшеліктері жойылған негіздердің немесе топырақтың арнайы қабатшаларының шегі төсем жиегінен кемінде 3 м қашықта болуы тиіс.

5.3.3 Топырақтық негіздер үшін қолданылатын топырақтар номенклатурасы генезисі, құрамы, табиғи орнындағы жағдайы, ұйықтылығы, білеуленуі және шөгуі бойынша нормативті құжаттарға сәйкес қалыптастырылуы тиіс.

5.3.4 Табиғи орындағы, сондай-ақ жасанды топырақтың сипаттамалары оларды дала немесе зертхана жағдайларында тікелей сынау негізінде аэродром имараттарын салу және пайдалану барысында топырақ ылғалдығының ықтимал өзгеруін ескерумен белгіленуі тиіс.

Тиісті инженерлік-геологиялық және гидрогеологиялық негіздемесі болмаған немесе ол жеткіліксіз болған жағдайда топырақтық негіздерді жобалауға рұқсат етілмейді.

5.3.5 Топырақтық негіздерде нашар топырақ (суы көп саз балшықты, шымтезекті, шымтезек, лай, сапропель), сарғыш топырақты, тұзды, білеуленетін және топырақтың басқа шөгінкі түрлері болған жағдайда, жер жұмыстарын жүргізген кезде, сондай-ақ топырақ негіздері төсемді пайдаланған мерзімінде табиғи-климаттық факторлар әсерінен одан әрі нығайтылған кезде топырақтың, негіздердің шөгуін ескеру қажет.

5.3.6 Аэродром төсемінің астындағы топырақтың қолайсыз сапасын жою жөніндегі шаралар негіздемесін және шөгулер есебін «Аэродромдар» Қағидалар жинағына сәйкес орындау ұсынылады, дамуға деген әзірле-осы шамалардың.

5.3.7 Негіздерді білеуленетін топырақта жобалаған кезде табиғи топырақтың ылғалдануына жол бермейтін құрылымдық шараларды, сондай-ақ білеуленетін топырақты білеуленбейтінге ауыстыруды немесе білеуленбейтін топырақтан үйме жасауды қарастыру қажет.

5.3.8 Негіздерді ұйықтылы топырақта орнатқан кезде ұйықтылы топырақ ерекшелігінің негіздердің көтергіш қабілетіне әсерін азайтатын шараларды қарастыру қажет.

6. АЭРОДРОМ ТӨСЕМДЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

6.1. Жалпы нұсқаулар

6.1.1. Механикалық төзімділік және беріктік талаптарын орындауды қамтамасыз ету үшін аэродром төсемдері оны салған және пайдаланған кезде аэродром төсемдеріне салынған жүктемелер әсер дәрежесі бойынша есептік пайдалану жүктемесінен аспайтын жүктеме нәтижесінде шамадан тыс деформацияның пайда болуына, зақымдануына және бұзылуына әкеп соқпайтын болып жобалануы және салынуы тиіс.

6.1.2. Аэродром төсемдері әуе кемелерінің дөңгелектерінен түсетін жүктемелерді, табиғи факторлардың әсерін (айнымалы температура-ылғалдықты режимнің, көп қайталанатын мұздану мен ерудің, күн радиациясы әсерінің, жел эрозиясының), авиациялық қозғалтқыштарының газ-ауалы ағындарының және аэродромды пайдалануға арналатын механизмдердің жылу және механикалық әсерлерін, сондай-ақ көктайғаққа қарсы қолданылатын химиялық құралдардың әсерін тікелей қабылдайтын материалдардан жобалануы тиіс;

6.1.3. Аэродромдық төсемінің және жасанды негіздердің оңтайлы құрылымын таңдау және олардың құрылымдық қабаттарын белгілеу жобалық шешімдер нұсқаларының техникалық-экономикалық көрсеткіштерін салыстыру негізінде жүргізілуі тиіс.

ҚР ҚН 3.03-19-2013

6.1.4. Аэродромдық төсемдер келесі талаптарға сай болуы тиіс:

- Әуе кемелерінің ұшу-қону операцияларын қауіпсіз және жүйелі түрде орындауы;
- Құрылымның және оның құрылымдық элементтерінің төзімділігі, сенімділігі және ұзақ уақыттылығы (төзімділікті есептеумен және құрылыс материалдарына қойылатын талаптарды орындаумен қамтамасыз етіледі);

- Жер бетінің тегістігі және кедір-бұдырлығы;

- Қоршаған ортаны қорғау.

6.1.5. Аэродром киімдері әуе кемелерінен түсетін жүктемеге қарсы тұру өзгешелігіне қарай:

- қатты (бетонды; арматура-бетонды; темірбетонды; сондай-ақ цементбетон негізіндегі асфальтбетонды төсемдер);

- қатты емес (асфальт-бетоннан; органикалық тұтқырлармен өңделген іріктелген құрамдағы мықты тас материалдардан; қиыршық тас пен ірі құм материалдарынан; органикалық емес және органикалық тұтқырлармен өңделген топырақтан және жергілікті материалдардан; құрама метал элементтерінен).

ЕСКЕРТПЕ

1. Температуралық кернеуді қабылдауға арналған метал торымен арматураланған цемент бетонынан жасалған төсем арматура-бетонды деп саналады.

2. Арматура қимасының қажетті ауданы жарықтардың төзімділігі мен ашылу кеңдігін есептеу арқылы белгіленетін арматураланған цементбетон төсемі темірбетонды болып саналады.

Аэродромдық төсемдер жетілгендік дәрежесі бойынша:

- күрделіге (қатты және асфальтбетон төсемімен);

- жеңілдетілгенге (асфальтбетон төсемінен басқа қатты емес төсем) бөлінеді.

6.1.6. Әуе кемелерін алдын ала белгіленген қарқындылығымен пайдалануды қамтамасыз ететін күрделі төсемдердің жобаланған қолданыс мерзімі қатты төсемдер үшін кемінде 20 жыл және қатты емес және асфальтбетонмен ныға тылған қатты төсемдер үшін 10 жыл болуы тиіс. Жеңілдетілген түрдегі төсемдердің қолданыс мерзімі кемінде 5 жылға жоспарлануы тиіс.

6.1.7. Жобаланған қолданыс мерзімін қамтамасыз ету үшін пайдалану барысында пайда болатын ақаулар (жарықтар, сынықтар, бетонның қабыршақтануы және т.б.) олардың пайда болуына қарай ағымдағы жөндеу әдістерімен жойылуы, деформациялық жіктердегі зақымдалған герметикалық құрылым қалпына келтірілуі тиіс. Сондай-ақ деформациялық жіктердің жұмысқа қабілетін бағалау қажет. Баға қанағаттанарлықсыз болған жағдайда қосымша қалпына келтіру жіктерін жасауды қарастыру қажет.

Әрбір 5 жылдан кейін аэродромдық төсемдердің жарамдылық критерийлерінің нақты мағынасын: төзімділігін, тегістігін, кедір-бұдырлығын нормативті құжаттарға сәйкес анықтау жөн.

Жаңа төселген бетонды күту құралдарын қолданғаннан кейін пайда болған қабыршық суық түсуіне дейін алынып тасталуы тиіс. Жаңадан салынған қатты төсемдерге қысқы пайдалану алдында нығайтушы бу өткізгіш құрамын сіңіру қажет.

Техникалық қызмет көрсету және реконструкциялау жөніндегі қажетті шараларды жоспарлау үшін осы критерийлардың өзгеру серпінін қадағалап отыру қажет.

6.1.8. ЖҰҚЖ және МЖ бүйірлік қауіпсіздік жолақтарындағы, ТО және перрондардың жол жиектерінде және /немесе өткелдерінде, ЖҰҚЖ бүйіржағына жанасқан нығайтылатын учаскелердегі төсемдердің және соңғы тежеу жолағының төсемінің авиақозғалтқыштардың газ-ауалы ағыны әсеріне, сондай-ақ көлік және пайдалану құралдарынан түсетін ықтимал жүктемелерге төзімді болуын қарастыру қажет.

6.1.9. Нығайтылатын учаскелердегі төсем қалыңдығын есеп бойынша қабылдау қажет, бірақ ол осы материалдан жасалған құрылымды қабат үшін рұқсат етілетін ең аз мөлшерден кем болмауы тиіс.

6.1.10. Байқау құдықтарының өткелдерін қатты емес төсемнен (органикалық тұтқыр заттармен нығайтылған асфальтбетоннан, қиыршық тастардан) жасау ұсынылады.

6.2. Жасанды негіздер

6.2.1. Аэродромның жасанды негіздері төсеммен бірге жүктемені топырақтық негіздерге жіберуді қамтамасыз етуге тиіс. Ол сорғыту, лайлануға қарсы, термооқшалауғыш, ұйықтарға қарсы, гидрооқшалауғыш және басқа да функцияларды орындай алатын құрылымдық қабаттардан тұруы тиіс.

6.2.2. Жасанды негіздер және термооқшалауғыш қабаттар үшін ауыр және ұсақ түйірлі (кұм) бетонды, керамзит-бетонды, қож-бетонды, тығыз, кеуекті және жоғары кеуекті асфальт-бетонды, қиыршықтас, ұсақталған тас және құм материалдарын, құм-ұсақталған тас, топырақ-ұсақталған тас және топырақ-қиыршықтас қоспаларын және тұтқырлармен өңделген және өңделмеген жергілікті материалдар мен топырақтарды қолдану қажет.

6.2.3. Жасанды негіздердің барлық қабаттарының материалдары салу ауданының климаттық жағдайларына сәйкес аязға төзімді болуы тиіс.

6.2.4. Саз балшықты және шаңды топыраққа төселетін ірі түйірлі материалдардан жасалған жасанды негіздерді орнатқан кезде, топырақ негіздері ылғалданғанда ол ірі түйірлі материалға өтіп кету мүмкіндігін болдырмау үшін лайлануға қарсы қабатшасын қарастыру қажет.

6.2.5. Жасанды негіздердің көтергіш қабаттарының төзімділігі жасанды төсемді салған кезде қолданылатын құрылыс көліктерінен түсетін жүктемені қабылдауға жеткілікті болуы тиіс.

6.2.6. Жасанды негіздер қабаттарының ені негіздер мен төсем қабаттарының материалдарын төсеу технологиясына қойылатын талаптарды ескерумен анықталуы тиіс.

6.3. Қатты төсемдер

6.3.1. Жаңа қатты тұтас төсемдерді бір қабатты етіп жобалау жөн. Қос қабатты тұтас төсемдер тек бетон қабатының есеппен талап етілетін қалыңдығын төсеуге техникалық мүмкіндік болмағанда немесе бар төсемдерді техникалық-экономикалық есептермен дәлелдеп, нығайту кезінде ғана қолданылады.

6.3.2. Қатты төсемдер, әдеттегідей, ауыр бетоннан салынуы тиіс. Техникалық-экономикалық негіздемесі болған жағдайда ұсақ түйірлі бетонды қолдануға рұқсат етіледі, сол кезде оны бір қабатты төсемде немесе екі қабатты төсемнің жоғарғы қабатында қолдану кезінде сығуға төзімділігінің класы В30 төмен болмауы тиіс.

ҚР ҚН 3.03-19-2013

Бетонның коррозияға төзімділігі ортаның және бетон қоспасы компоненттерінің химиялық агрессиялығын ескерумен қамтамасыз етілуі тиіс.

6.3.3. Бетонның аязға төзімділігі бойынша маркасын құрылыс ауданының климаттық жағдайларына сәйкес белгілеу қажет

6.3.4. Арматураның түрін және класын төсем түріне, арматураның мақсатына, арматуралық элементтерді дайындау технологиясына және оларды қолдану тәсілдеріне байланысты (қатайтылмайтын және қатайтылатын арматура) белгілеу қажет.

Арматуралық болат сипаттамаларын ҚНЖҚ 2.03.01. талаптарына сәйкес белгілеу қажет.

6.3.5. Тұтас қатты қабаттың қажетті қалыңдығын есеппен анықтау қажет.

Қатты төсем қабаттарының ең жоғары және ең төмен қалыңдығын бетон төсейтін жинақтардың техникалық мүмкіндігін және қабылданған құрылыс технологиясын ескерумен тағайындау қажет.

6.3.6. Қатты тұтас төсем тақталары мен жасанды негіздер арасында, сонлай-ақ екі қабатты тұтас төсемнің қабаттары арасында қабаттардың (пергаминнен және қабыршықты полимер материалдарынан жасалған бөлетін қабатшалар) көлденең орын ауыстыруының тәуелсіздігін қамтамасыз ететін құрылымдық шараларды көздеу қажет. Жіктері жоқ төсемдерде қабыршық материалдардың екі қабатын қолдану қажет, кеңейту жігін жасаған кезде бір қабатын қолдану жіберіледі. Құм-битумды кілемшені қолдануға рұқсат етілмейді.

Қос қабатты төсемдерді тұтастыру тәсілімен орнатқан кезде бөлуші қабатшасы орнатылмайды.

6.3.7. Қос қабатты төсемдерді қабаттардағы жіктерді қабыстырып және қабыстырмай жобалауға рұқсат етіледі. Жіктері қабыстырылған төсемдерде төменгі қабаттың қаттылығы жоғарғы қабаттың қаттылығынан 2 еседен көп аспауы тиіс.

6.3.8. Құмнан басқа негіздердің барлық түрлерінде орнатылатын алдын ала қатайтылған темір-бетон тақталардан жасалған жинақтық төсемдерді құм-цемент қоспасынан жасалған теңестіру қабатшасы бойынша төсеу қажет.

6.4. Қатты емес төсемдер

6.4.1. Қатты емес аэродромдық төсемдер жасанды негіздермен бірге қабылданатын нормативті жүктемеге байланысты көп қабатты болып жобаланады, олар азырақ бұзылған жоғарғы қабаттардан көбірек бұзылған төменгі қабаттарға біртіндеп ауысуды қамтамасыз етеді. Қабаттардың қажетті қалыңдығы есеппен негізделеді.

6.4.2. Төсемнің жоғары қабаттарына арналған асфальт-бетон қоспаларының түрін, маркасын және типін, сондай-ақ битум маркасын тиісті нормативтер бойынша, құрылыс ауданының климаттық жағдайларына байланысты қабылдау қажет.

6.4.3. Асфальт-бетон төсемінің жоғарғы қабаттарын тығыз қоспалардан, төменгі қабаттарын – тығыз немесе кеуек қоспалардан жасау қажет. Суға төзімді қабат болып табылатын негіздерде кеуек асфальт-бетон қоспаларын қолдануға рұқсат етілмейді.

6.4.4. III және одан жоғары нормативті санат жүктемелеріне қатты емес төсемдердің жоғарғы қабаттарында төзімділігі бойынша I маркалы тығыз асфальт-бетон (немесе полимер-асфальт-бетон) қоспаларын, IV санаттағы жүктемелерге – маркасы II төмен

емес, V және VI санаттағы жүктемелерге -маркасы III төмен емес қоспаларды қолдану қажет.

6.4.5. Суық асфальт-бетон қоспаларын тек қана МЖ, перрондарда және ТО тиісті теникалық-экономикалық негіздеме болған жағдайда IV санаттағы жүктемемен қолдануға болады.

6.4.6. IV және одан жоғары нормативті санаттағы жүктемеге асфальт –бетон төсемдерін тұтқырлармен өңделген материалдардан жасалған жасанды негіздерде орнату қажет.

6.4.7. Төсем бетіндегі температурасы 100°С асатын, ал газ ағымының жылдамдылығы 50 м/с астам, әуе кемелерінің реактивті қозғалтқыштарынан газ ағымының ұзақ уақытты (3—4 мин астам) әсерін қабылдайтын учаскелерде асфальт-бетон төсемін орнатуға болмайды.

6.5. Қолданыстағы төсемдерді нығайту

6.5.1. Аэродромдарды қайта құрған кезде бар төсемдерді нығайту әдістерін әуе кемелерінің болжамды құрамын және қозғалыс қарқындылығын ескерумен, сондай-ақ бар төсемнің, табиғи және жасанды негіздердің, суды бұрып ағызу және құрғату жүйелерінің жағдайларына, жергілікті климаттық және гидрогеологиялық жағдайларына, бар төсем мен негіздердің материалдар сипатына, төсем бетінің жоғары орналасуына байланысты белгілеу қажет.

6.5.2. Нығайту қабатының қажетті қалыңдығы қолданыстағы жабындының көтергіш қабілетін және нақты жағдайын ескерумен есеппен белгіленуі тиіс.

6.5.3. Төсемді нығайтқан кезде қолданыстағы құрылымның ақауларын алдын ала жою, сондай-ақ суағар-құрғату желісін қалпына келтіру; желі болмаған жағдайда – оны орнату қажеттілігі туралы мәселені шешу қажет.

6.5.4. Қатты төсемдер қолданыстағы төсемнің көтергіш қабілетін нақты жағдайды ескерумен ең тиімді пайдалану арқылы қатты төсемнің және асфальт-бетонның барлық типтерімен нығайтылуы мүмкін. Тұтас темір-бетон төсемін тұтас темір-бетонмен немесе асфальт-бетонмен, алдын ала қатайтылған тақталардан жасалған құранды төсемдер - алдын ала қатайтылған тақталардан жасалған құранды төсемдермен немесе асфальт-бетонмен нығайту қажет; оларды тұтас бетонмен немесе арматураланған бетонмен нығайтуға болмайды.

6.5.5. Тұтас қатты төсемді тұтас бетонмен, арматуралық бетонмен немесе темір-бетонмен нығайтқан кезде қос қабатты төсемдерге қойылатын талаптар орындалуы тиіс. Егер қабаттар саны екіден көп болса, тікелей жоғарғы қабаттың астында орналасқан қабатты төменгі деп, ал қалғандарын - жасанды негіздер деп санауға болады.

6.5.6. Құранды төсемдерді құранды тақталармен нығайтқан кезде нығайту қабатының жіктерін қолданыстағы төсем жіктеріне қарай жылжыту қажет.

6.5.7. Қатты төсемдерді алдын ала қатайтылған құранды темір-бетон тақталарымен нығайтқан кезде тақталардың негіздермен түйсуін қамтамасыз ету үшін қолданыстағы төсем мен құранды тақталар арасында міндетті түрде, төсемнің тегістігіне қарамастан, құм-цементтен жасалған тегістеу қабатын жасау қажет; бұл жағдайда бөлгіш қабатшасы орнатылмайды.

ҚР ҚН 3.03-19-2013

6.5.8. Қатты төсемдерді нығайтқан кездегі асфальт-бетонның жалпы ең аз қалыңдығы ведомстволық нормалармен белгіленгеннен кем болмауы тиіс. Қатты төсемдерді асфальт-бетонмен нығайту үшін тек қана тығыз асфальт-бетонды қоспалар қолданылуы тиіс.

6.5.9. Қатты емес төсемдер қатты емес және қатты төсемдердің барлық түрлерімен нығайта алынады.

6.5.10. Қолданыстағы қатты төсемдерді нығайтқан кезде нығайту қабатында және тегістеу қабатында жарықшалар пайда болу мүмкіндігін төмендетуге бағытталған құрылымдық шараларды қолдану қажет.

6.6. Деформациялық жіктер

6.6.1. Қатты тұтас төсемдерді деформациялық жіктермен жеке тақталарға бөлу қажет. Тақталардың өлшемі жергілікті климаттық жағдайларға байланысты және құрылыс жұмыстарын жүргізудің жоспарланған технологиясына сәйкес белгіленуі тиіс.

6.6.2. Қатты тұтас төсемдерде кеңейту жіктерін жасау қажеттілігін және олардың арақашықтығын климаттық жағдайларды және төсемнің құрылымдық ерекшелігін ескерумен есеппен дәлелдеу қажет.

6.6.3. Кеңейту жіктерін төсемдердің басқа құрылыстарға жанасқан жерінде, сондай-ақ МЖ-ның ЖҰҚЖ және перронға жанасқан жерінде жасау қажет.

6.6.4. Тақталардың көлденең жылжуына кедергі жасайтын түйсіп қосылған жері бар алдын ала қатайтылған тақталардан жасалған құранды төсемдерде деформациялық жіктерді жасау жөн.

6.6.5. ЖҰҚЖ және МЖ құранды төсемдерде бойлық деформациялық жіктер жасалмайды.

6.6.6. Қатты төсемдердің деформациялық жіктерінде жүктемені бір тақтадан екіншіге беруді қамтамасыз ететін түйсіп қосылу қолданылады. Түйсіп қосылуды жасау орнына тақталардың шет учаскелерін арматуралаумен нығайтуға немесе тақта қалыңдығын есеппен дәлелдеп, ұлғайтуға болады.

6.6.7. Қос қабатты қатты төсемді қабаттардағы жіктерді үйлестіріп жасау қажет. Жекелеген жағдайларда тиісті негіздеме болғанда қос қабатты төсемді жіктерді үйлестіруге жасауға болады.

6.6.8. Жіктері үйлестірілген қос қабатты төсемдерді бойлық және көлденең жіктерін түйістіріп қосу арқылы орнату қажет. Түйістіріп қосуды тек қана жоғарғы бетінде жасауға болады.

6.6.9. Жіктері үйлестірілмеген қос қабатты төсемдерде жоғарғы қабат тақталарының төменгі аймағын есепке сәйкес төменгі қабат жіктерінің үстінен арматуралау қажет. Арматуралауды жоғарғы қабаттың қалыңдығын ұлғайтумен ауыстыруға болады.

6.6.10. Қатты емес төсемдерде бойлық және көлденең деформациялық жіктерді жасауға болады. Жіктердің арақашықтығы климаттық жағдайларға байланысты және құрылыс жұмыстарын жүргізудің жоспарланған технологиясына сәйкес белгіленуі тиіс.

